

ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аялаймын сені, Қызылорда!

ҚҰТТЫҚТАУ



Ақмешіт

31 желтоқсан
бейсенбі

№101 (1702)

2020 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2020: БІРЛІК ПЕН ТӨЗІМДІЛІК СЫНҒА ТҮСКЕН ШАҚ

Ертең григориян күнтізбесі бойынша тышқан жылын шығарып салып, сиыр жылын қарсы аламыз. Жалпы 2020 жыл халқымыз үшін де, әлем елдері үшін де оңай болған жоқ. Пандемияның салдарынан төрткүл дүние дүрлігіп, әбігерге түсті. Басқасын айтпағанның өзінде республикамызда халық денсаулығын жақсартып, вирусқа қарсы тұрудың түрлі амалдары қарастырылды. Елде төтенше жағдай жарияланды, карантин шарттарын сақтау талабы қойылды. Индет жұқтырып, өмірімен қош айтысқандарды аза тұту мақсатында қаралы күн де жарияланды. Жылдың аяғы базардағы нарықтың өсуіне әкеп соқты. Әйтеуір не керек, жұрт «тышқан жылы інге тықты» деп айтып жүр. Иә, бұл есте қалатын жыл болды.

2 БЕТТЕ



Құрметті қызылордалықтар, қадірлі қала қонақтары!

Сіздерді санаулы сәттен кейін төрімізге енетін Жаңа 2021 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл – өткен жылға көз жүгіртіп, таразылайтын, жүріп өткен бір жылға баға беріп, жаңа бастамалар мен ізденістерге тың қалам жасайтын, жақсылыққа ұмтылатын, жаңаша ойлауға жол сілтейтін ерекше мереке.

Тарих қойнауына енгелі тұрған 2020 жылы ел болып қиын кезеңді бастан өткеріп, сынаққа толы сәттерден сүрінбей өтіп, барымызды бағамдап, асылымызды ардақтай түстік. Сыр халқының қиындыққа мойымай, ауызбіршілік пен татулықты сақтап, ынтымақты ырысқа, бірлікті берекеге ұластыра білгендігінің арқасында талай істе көптен көшіміз озып, өңір өндірісі өркендеп, өрісі кеңейіп, жаңа жылға мол жетістіктермен, зор табыспен аяқ басқалы тұрмыз.

Жыл тоғысында «Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» дегенді жиі айтамыз. Бұл жаңа жылға үмітпен қарап, жағымды жаңалықтар күтетініміздің белгісі болса керек. Өтіп бара жатқан жыл ойда қалар оқиғаларымен, есте ұстар ерекшеліктерімен де қымбат.

Біз алдағы кезеңге ізгі үмітпен, ерекше пейілмен, жақсы ниетпен қадам басамыз. Әр жаңа жыл табалдырығында алдан жақсылық пен жаңалық күтеміз. Ендеше келер жылы сол ойымыздағы арман-тілегіміз жүзеге асып, бақ-берекеміз таси берсін. Жаңа жылда сіздерге игілік пен ізгілік, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін!

Жаңа жыл еліміздегі әрбір шаңыраққа шаттық сыйлап, 2021 жыл бейбітшілік пен табыс жылы болғай.

Жаңа жылда жүздеріңізден қуаныш пен күлкі кетпесін, жүректеріңізге тек мейірім мен шапағат ұяласын.

Жақсылық пен жаңарудың жаршысы болған жаңа жыл баршамызға құтты болсын, қымбатты жерлестер!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Нұрлыбек НӨЛІБАЕВ

ЖЫЛ МАРАПАТЫ

ҚИЫНДЫҚТЫ ИҢҒЫМЕН КӨТЕРГЕН

Өтіп бара жатқан жыл ел үшін оңай болған жоқ. Пандемия кезінде бір жұттың ауаға зар болып қиналғандардың қиналысы ұмытылған жоқ. Сын сәтте сырбайлық кәсіпкерлердің ел басына түскен қиындықты иығымен көтергені ұмытылмайды. Бірі дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге, бірі ауырғанға жатын орын дайындап, енді бірі оттегі толтырылған баллон тасып, қиналған елдің жанынан табылды. Мұндай ізгі іс қиналғанға дем берді, күпті көңілге үміт, жүректерге жылылық сыйлады.

2 БЕТТЕ

ЖЫЛ ТАБЫСЫ

ЖАЙЛЫ БАСПАНА, ЖАҢА КӨПІР



Жылжабар тұста аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова қаланың сол жағалауында тағы бір көпқабатты үйдің пәтер кілтін табыстады. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынған баспана көптің қуанышын еселеді.

– Баршаңызды келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Әлемде орын алған пандемия тұрмыс-тіршілігімізге көптеген өзгеріс әкелді. Сындарлы сәтте аймағымызда құрылыс жұмыстары тоқтамай, қарқынды жүрді. Жыл басынан бері қаламызда 580 пәтерді құрайтын 15 тұрғын үй пайдалануға берілді. Бүгінгі пәтер иелерін қуаныштарымен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа баспаналарыңыз татулық пен берекенің ордасы болып, қуаныш пен бақыт, құт пен ырыс салтанат құрсын! – деді облыс әкімі.

Сол жағалаудан пәтер кілтін алғаш алған тұрғынның бірі – Галина Омарова. Енді ол жаңа жылды жайлы, жаңа баспаналда қарсы алмақ.

– Бұл – менің өмірімдегі ең қуанышты сәттің бірі. Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы біздің елімізде жақсы жұмыс істеуде, бұл – жас

отбасыларға үлкен көмек. Мен көршілеріммен де танысып үлгердім, олардың дені – жастар. Барлығы сол жағалаудан қолжетімді бағаға пәтер алғандарына қуанышты, – деді ол.

Жаңа 40 пәтерлі екі тұрғын үйдің құрылысы өткен жылы басталған. Жоба құны 961,4 млн теңгені құрайды. Мердігер мекемелер – «Аман-Құрылыс» және «Сәт-Сервис» ЖШС.

Айта кетейік, биыл облыста барлық қаржы-ландыру көздерінен 1946 пәтерді құрайтын 98 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Қазіргі таңда Қызылорда қаласында 1741 пәтерлік 38 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Келер жылы Сырдария өзенінің сол жағалауында құрылысы жүргізіліп жатқан тағы 725 пәтерлік 15 көпқабатты тұрғын үйдің кілті табысталады деп жоспарлануда. 2021 жылы СІПМК-70 тұрғын ауданы бойынша 13 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілімек.

Одан соң аймақ басшысы Шіркейлі каналының үстінен салынған көпірдің салтанаты ашылу рәсіміне қатысты. Жаңа автомобиль көпірінің ұзындығы – 81, ені – 3,75 метр.

– Мереке қарсаңында Сырдария өзенінің сол жағалауын Шіркейлі арнасы арқылы халықаралық автодәлізбен қосатын автомобиль көпірі пайдалануға берілді. Сәні мен салтанаты жарасқан сол жағалаудағы бұл көпір облыс тұрғындарының алтын уақытын үнемдеп, барынша қуаттатын маңызды нысан болатыны сөзсіз. Бұл көпірді пайдалануға беру арқылы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын оң тенденцияға арттыратын боламыз, – деді облыс әкімі.

Көпір «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынған. Құрылыс жұмыстарын бас мердігер «Сервис ІС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екі жыл ішінде аяқтап шыққан.

Сонымен қатар жиында биыл жүзеге аса бастаған «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жолдың «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолымен жанасатын тұсында көлік айрығын салу» жобасы да таныстырылды.

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

ЖЫЛ НАЗАРЫ



ЖЫЛ БОЛЖАМЫ

2021 жыл: Жақсыдан үміттіміз

Өткен жылға өкпе артпайтын, келер күннен тек жақсылық күтетін қазақ санаулы күндерден соң табалдырықтан енетін сиыр жылының елге берекелі болатынын үмітті. Уақыт алмасар сәтте келер жыл қалай болар екен деп болжамдарға сүйену де заңдылық. Астрологтар мен көріпкелдердің де айтарына құлақ асатынымыз жасырын емес. Жаңа жыл қарсаңында келе жатқан сиыр жылы туралы болжамдарға шолу жасағанды жөн көрдік.

2 БЕТТЕ



2020: БІРЛІК ПЕН ТӨЗІМДІЛІК СЫНҒА ТҮСКЕН ШАҚ

Кетіп бара жатқан тышқан жылы адамзат тарихында індеттің өршуімен қалары анық. Пандемия белең алса да ел келешегін ойлаған азаматтар «бір жағадан бас, бір жеңнен кол» шығара білді. Соның арқасында бітпестей болған талай іінің түйіні тарқатылды. Ауруханаларда ем қабылдап жатқан қаншама жаңға тыныс алу аппараттары жеткізілді. Дәрі-дәрмек тапшылығы жойылды.

Індет алқымнан алған тұста Сыр елінде де ауыз толтырып айтарлық жұмыстар атқарылды. Бүгін бәріне бірдей тоқталмай-ақ Қызылорда қаласындағы бірді-екілі атқарылған жұмыстарды саралағанды жөн көрдік.

Алдымен Сырдың бас шаһарының тышқан жылындағы бюджеті қанша болғанына назар салайық. Асқар Тоқмағанбетоватындағы мәдениет үйінде өткен биылғы жылды қорытындылаған шарада қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бюджеттің көлемі едәуір артқанын мәлім еткен болатын. Қолда бар дерекке сүйенсек, қала бюджеті жыл басында 68,9 млрд теңге болып бекітілсе, бұл көрсеткіш жыл соңында 95 млрд теңгеге жеткен.

Қазына қазанының ұлғаюынан Қызылордада қыруар тірлік атқарылғанын көруге болады. Жалпы Сыр елі соңғы кезде қарыштап дамып келе жатқаны белгілі. Әсіресе халықты баспанамен қамту, құрылыс жұмыстарын жүргізу, жол салу, елге қажетті нысандарды соғу сынды жұмыстар белең алған. Бұл жағынан алғанда республикадағы алдыңғы қатарлы аймақтың санатында екенін айта кеткен жөн. Дәлел ретінде биыл Қызылорда қаласының өзінде 1500-ге тарта отбасының баспаналы болғанын айтып өтсек те жетеді. Қалада тағы 2380 пәтерді қамтитын 52 көпқабатты тұрғын үй салынуда.

Жуырда газетімізге қайта жаңғырған үйлер туралы мақала берген болатынбыз. Сол тұста қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан

Далабаев Қызылордада 37 көпқабатты тұрғын үй күрделі жөндеуден өтіп жатқанын айтқан. Бұдан бөлек Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне 26 үйді жаңғыртудан өткізу үшін бюджеттік өтінім ұсынылған. Бұдан шаһардағы ескі үйлер де жаңа кейіпке еніп келе жатқанын аңғаруға болады.

Биыл жол жөндеу жұмыстары да қарқын алды. Нақтырақ айтатын болсақ, 408 көше орташа және күрделі жөндеуден өтті. Ең бастысы, халық сұранысына сай жұмыс жасалуда. Пандемия белең алған тұста біраз кәсіп иелері тығырықтан шығудың жолын іздеді. Нәтижеге жеткендері де бар. Әсіресе облыс орталығында ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі өткен жылғымен салыстырғанда 101,4 пайызға артығымен орындалды. Аймақ бойынша жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының 46 пайыздан астамы Қызылорданың үлесінде.

Тәуелсіздік жылдары облыс аумағында 300-ден аса білім беру және денсаулық сақтау нысан салынды. Қазіргі заманға лайықталған соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған медициналық, диагностикалық және қайта сауықтыру орталықтары бой көтерді. Білім беру ұйымдарындағы орын тапшылығын шешу мақсатында тұрғындар сұранысына сәйкес «Бәйтерек» шағын ауданында 600 орындық мектеп және «Саяхат» шағын ауданында 300 орындық білім ұясының құрылысы жүргізілуде. Сонымен бірге «Тағзым» мемориалы, «Сыр-Ана» монументі, «Темір жол» саябағы, Назарбаев даңғылы абағтандырылды. Бұдан бөлек «Дәрігерлер» аллеясы мен «Денсаулық» саябағы ашылып, 600 орындық мектеп пен балалар алаңдары пайдалануға берілді.

Сыр елінің бас қаласында тышқан жылы міне, осындай тірліктердің түйіні тарқатылған. Мұның барлығы табанды тірлік пен берекелі бірліктің арқасында жүзеге асқанын айта кеткен жөн.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



Шаһар басшысы Нұрлыбек Нәлібаев полиция қызметкерлерімен кездесу өткізді. Жыл қорытындылар тұста құқық қорғау саласы қызметкерлерінің ел үшін атқарған еңбектерін ерекше атап өтті.

– Ел тыныштығын сақтап, Тәуелсіздікті нығайту жолындағы сіздердің еңбектеріңіз ерен. Қазақстан полициясы егемен еліміздің тыныштығын, өміріміздің қауіпсіздігін абыроймен күзетуде ерен ерліктің үлгісін көрсетуде. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Құқық қорғау органдарының нәтижелілік өлшемі сандық көрсеткіштермен емес, азаматтар мен заңды тұлғалардың сенімін арттырудың индикаторы болатын жұмыс сапасы болуы тиіс» деп атап өткен болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында құқық қорғау жүйесін толық реформалау аса маңызды міндеттердің бірі екенін айқындап берді. Құқық қорғау саласы қызметкерлеріне материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін барлық жағдай жасалып келеді. Қауіпсіздік қай мемлекетте

болмасын, кезек күттірмейтін мәселе. Сала ардагерлері салып кеткен сара жолын қырағы қызметкерлер лайықты жалғастырып келеді деп есептеймін. Алдағы уақытта да Мемлекет басшысы қойған міндеттерді жүзеге асыру жолында бар білімдеріңіз бен күш-жігерлеріңізді аямай қызмет етеді деп сенемін, – деді қала әкімі.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деп ұлтын сүю жолында ұрпағына ұран тастаған еді. Сол бір сөз күллі қазақ жастарының жігерін жанып, намысын қайраған болатын. Расымен, құқық қорғау саласында жұмыс жасайтын кез келген азамат алдымен өз Отанын шексіз сүйе білуі керек. Сонда ғана қызметіне деген адалдығы айқын сезіліп тұрады.

Шара барысында шаһар басшысы бір топ сала қызметкерлерін алғыс хатпен марапаттады.

– Біз қашанда елдің тыныштығы жолында жұмыс жасаймыз. Сәт сайын кез келген жағдайға әзір тұрамыз. Қандай істе болса да алдымен өз жұмысына деген жауапкершілік бірінші орында тұрады. Сондықтан да болар шаршап қалжырау болған емес. Қазіргі таңда қала тыныштығы түзеліп, тынысы кеңейіп келеді. Бүгінгі марапат кешегі карантин кезіндегі ел саулығы жолында жасаған жұмыстың жемісі деп білемін, – дейді полиция аға лейтенанты Нұрбек Құрманбекұлы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

БАҚЫТ ДЕГЕН БАЛАҢНЫҢ САУЛЫҒЫ

Бала – болашағымыз. Мына дүбірге толы дүние дүрмекте олардың шат-шадыман күлкісіне ештеңе жетпейді. Біз «Баламның табанына кірген шөңге, менің маңдайыма қадалсын» деген халықпыз. Базарлы өмірде бақытты әркім әрнәрседен іздейді. Анығында бақыт деген балаңның саулығы.



Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа жыл мерекесі қарсаңында Даун синдромы бар балаларды қабылдап, жаңа жылдық ізгі лебізін білдіріп, мерекемен құттықтады.

– Мемлекетіміздің қолдауының арқасында елімізде ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларға жағдай жасалып келеді. Қаламызда инклюзивті білім беретін мектептер саны жыл сайын артуда. Атап айтар болсақ, 2018 жылы қала бойынша жалпы білім беретін 54 мектептің 14-де инклюзивті білім беруге жағдай жасалса, бүгінде қалада 32 мектепте арнайы мамандар осы бағытта жұмыс жасауда. Кішкентай бүлдіршіндерімізге қашанда зор қолдау көрсетіле бермек. Денсаулық сақтау басқармасы, білім бөлімі бұл тұрғыда жүйелі жұмыстар жүргізе беретін болады, – деді қала әкімі.

Шара қорытындысында балғындарға жаңа жылдық сый-сияпат табысталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚИЫНДЫҚТЫ ИҢҒЫМЕН КӨТЕРГЕН

Бұл әлем кең пейілмен, қайырыммен, ізгілікпен әдемі...

Жыл аяқталар сәтте ел алғысына бөленген қала кәсіпкерлері шаһар басшысының алғысымен марапатталды.

Қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов пандемия кезіндегі қиын шақта қоғамның пайдасы үшін игі істер жасаған кәсіпкерлерді қабылдады.

Басы 1-бетте

Шарада Бектас Балғабайұлы қаламызда қауіпті індет тарап, ел басына күн туған шақта алдыңғы шептен табылып, қиналған жандарға қамқор қолын созып, қайырымды істермен көпке үлгі болған кәсіпкерлерге алғысын білдіріп, ризашылығын жеткізді. Ел амандығы үшін қызмет еткен жандардың алдағы уақытта да белсенді азаматтық ұстанымдарын

қаланың дамуына жұмсап, қаладағы әрбір шараға бастамашыл болатынына сенім білдіріп, қиын кезеңде ел үшін атқарған еселі еңбектері үшін қала әкімінің алғыс хатымен марапаттады.

Жиын соңында қала әкімінің орынбасары барша кәсіпкерлерді келе жатқан жаңа жыл мерекесімен құттықтап, кәсіптерінің өрлеуін тіледі.



ТОҚТА, БАҒА!

Өңірлік коммуникациялар орталығында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына байланысты брифинг өтті. Онда облыс орталығындағы күнделікті тұтынатын өнім түрлерінің бағасына байланысты айтылды.

– Қазіргі таңда қалада жұмыртқа жетіспеушілігі жоқ. Бұған дейін 4 млн жұмыртқа алынып, дүкен сөрелеріне қойылды. Бүгін тағы 700 дана келеді деп күтілуде. Сонымен қатар қант 7 процент, тауық еті 2 процент, сәбіз 1,9 процент, пияз 1,4 процент, қырыққабат 2,7 процентке арзандатылды. Қалған өнімдердің де бағасы тұрақты. Тұрақтандыру қоры өнімдері 29 әлеуметтік

дүкенмен 2 әлеуметтік маркетінде және 4 ірі супермаркетінде халыққа ұсынылуда. Бағаларға күнделікті мониторинг жүргізіліп отырады. Тауық жұмыртқасының тапшылығын болдырмау және облыстың бөлек сауда желілерін үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Қостанай, Ақтөбе, Алматы облыстарымен және Ресей Федерациясымен келіссөздер жүргізілді. Осы бағытта тиімді жұмыстар жүргізіліп, аймағымызда өнім бағасы тұрақты сатылуда, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

2021 жыл: Жақсыдан үміттіміз

Еңбекқорлардың жылы айы оңынан тугалы тұр. Астролог Юлия Қацманның болжамы бойынша жыл иесі сиыр еңбек еткенді жақсы көреді. Демек бұл жыл да еңбек етсеңіз, жемісі болады. Жыл иесі шыдамды, адал, сөзіне берік деп сипатталатынын да ескерген жөн. «сиыр жылы аста-төк молшылық әкелмесе де, тұрақты табыс, тиыннан ақша құрағандар үшін берекелі жыл болады» дейді астролог Юлия Қацман. Бұл жылы ұзақмерзімді жоспар құрған дұрыс. Жаңа үйдің іргетасын қалау, отбасын құру, кәсіп ашу деген сияқты айқын жоспарлардың сәтті жүзеге асуына қолайлы жыл екен. Ал көп көкейіндегі сауал пандемияға байланысты астролог

Басы 1-бетте

бұл індеттің тез арада жойылмайтынын жасырмайды. Бір айта кетерлігі, бұл эпидемияның нәтижесінде денсаулық саласы дамиды. Астролог бұл жылы әлем ізгілік пен еркіндіктің маңызы жайында ойланатынын айтады. 2021 жылы жанаша ойлайтындарға жол ашылады. Ең бастысы, сиыр жылы жаймашуақ өтетінін айтады. Астролог халыққа мынадай кеңес береді: «Әрдайым ұстамды, салқынқанды болу керек».

Нострадамустың 2021 жылға жасаған болжамы бойынша сауда-саттықтың жаңа түрі дамитынын атап айтқан. Сонымен қатар колонер бұйымдарына сұраныс артатынын болжаған. Бұл бүгінгі күні интернет дүкендер, онлайн сауданың дамуы туралы болса керек. Әлемде ізгілік, адамдардың бір-біріне

деген жанашырлық қасиеті алғашқы орынға шығады. Бұл жылы аса қажеттілік болмаса тұрғылықты жерді ауыстырудың қажеті жоқ екенін болжаған.

Кейбір болжамдар бойынша сиыр жылы көші-қон көп болатыны айтылса, мұны экономика ғылымдарының докторы, халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Әкімжан Арупов жоққа шығарады. Ғалымның сиыр жылына: «Көші-қон жиі болады деп айта алмаймын. Бұл – табиғи процесс. Адамдар өздерін дамытатын орта іздейді. Елімізде экономикалық өсім болады. Өндіріске көп қаржы салынады. Себебі пандемия біздің импортқа тәуелді екенімізге көз жеткізді. Ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп саласы дамиды. Онлайн оқу жалғасады.

Адамдар жаңа кәсіп меңгеруге талпынады» – деп болжам жасайды.

Жалпы қазақ үшін сиыр жылы қашан да жаман болмаған. Төрт түліктің бірі сиырмен бір отбасыны асыраған қазақ үшін ірі қараның орны бөлек. Этнограф Ахмет Тоқтарбай сиыр жылының қазақ елі үшін жайлы болатынын жазды: «Қазақ күнтізбесі бойынша сиыр жақсы, жайлы жылдардың бірі деп саналады. Себебі жайсыз жылдар тарихта бар, мысалы, қоян жылы қазақ күнтізбесі бойынша ең қиын жыл. Тышқан жылы, жылқы жылында соғыс, ұрыс-керіс болған. Сиыр – жуас, момын мал. Екіншіден, ертеректе кедей – отбасында бір сиыр болса, барлығын асыраған. Бір сиырды сол үйдің анасы деп атайды екен», – дейді маман.

Әр күннен жақсылық күтесің ғой. Табалдырықты аттағалы тұрған сиыр жылы еліміз үшін берекелі болсын!

Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ



ӨНДІРІС ОРНЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

«Nur Otan» партиясының атынан Шиелі аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер Жағыпбаров Тұрмағанбет Әлиасқарұлы, Көпенов Нәсіпбай Дүйсенұлы, Сылық Мая Ғалымқызы, Үркінбаева Айнуір Шерәліқызы «Волковгеология» акционерлік қоғамының «Оңтүстік ВГ» №23 экспедициясы жұмыскерлерімен кездесті.

Кездесудің басты мақсаты «Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы, Шиелі ауданын дамыту бойынша сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтарын түсіндіру болып табылады. Кездесуде сөз алған кандидат Т.Жағыпбаров «Қазатомөнеркәсіп» уран өндіру жөнінен әлемдік көшбасшыға айналды. Отандық компаниялардың барлығы бірдей мұндай табысымен мақтана алмайды.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы Шиелі ауданының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді



Осы ұжымда көптеген «нұр-отандық» азаматтардың қызмет атқаратыны біздер үшін үлкен көрсеткіш» – деді. Сондай-ақ Нәсіпбай Дүйсенұлы Қазақстан атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануды белсенді дамытып келетініне, соның арқасында еліміздің, оның ішінде Шиелі кенті тұрғындарының да әлауқатының артып келе жатқанын тілге тиек етті.

Кездесуде басқа да қатысушы үміткерлер өз ойларымен бөлісіп, алдағы өтетін сайлауға барынша белсенді қатысуға шақырды. Жұмыс соңында сайлаушыларға үгіт-материал парақшаларын таратты.

«Nur Otan» партиясы еліміздің жетекші саяси күші ретінде халқымыздың бірлігіне, еліміздің гүлденуіне және әрбір қазақстандықтың игілігіне жұмыс жасауды жалғастырады.

Үміткерлер сайлаушылармен кездесті



Қармақшы ауданында «Nur Otan» партиясының облыстық мәслихат депутаттығына үміткерлер Нұрлан Бисембаев, Орынбасар Төленов және аудандық мәслихатқа үміткерлер Әділ Қошалақов, Жомарт Жалғасбаев, Париди Сарыбаева, Бауыржан Дүйсенбаев, Айдынбек Скендіров аудан орталығындағы жыраулар үйінде кент тұрғындарымен кездесті.

Кездесуде үміткерлер партияның сайлауалды бағдарламасының 7 басым бағытын таныстырды. «Nur Otan» партиясы ауданның артықшылықтарын халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту, өңдеу және сауда кәсіпорындарын дамыту, сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін нақты жоспарларды мақсат етіп отыр.

– Біз білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік салада сапалы қызметтерге қол жеткізе отырып, аудан тұрғындарының өмір сүру жағдайын арттыруға күш саламыз. Партия барлық бағытта ауқымды жұмыс жасамақ. Мәселен, орта білім беретін мектептерде мемлекеттік бағдарламаға

сәйкес инклюзивті кабинеттермен, мемлекеттік балабақшаларды логopedтік пункттермен және арнайы мамандармен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдауға және олардың азаматтық ұстанымын жандандыруға бағытталатын «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобалары бар. Осы айтылған бағыттардың бәрі ел игілігі үшін, – деді үміткер Әділ Қошалақов.

Басқосуда тұрғындар үміткерлерге көкейдегі сауалдарын жолдап, ел ішіндегі түйткілді мәселелерді көтерді. Сонымен қатар «Nur Otan» партиясының ел игілігі үшін жасап жатқан

жақсылығы мен жетістіктерін де тілге тиек етті.

– Партия халық пен билік арасындағы байланыстырушы буын ретінде әрекет етіп жатыр. Партияның бағдарламасы Қармақшы ауданын кешенді дамытуға бағытталғанын біліп, қуанып жатырмыз. Ауданымыздың бәсекеге қабілетті экономика және өмір сүру үшін жайлы аумақ болуына «Nur Otan» партиясы еліміздің жетекші саяси күші ретінде игі жұмыстарын жалғастырады деп сенеміз. Алдағы сайлауда партияны қолдаймыз, – деді Жосалы кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Ұзақбаев.

Кездесу соңында кент тұрғындары партияны қолдайтындарын айтып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Үміткерлер қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, 10 қантарда өтетін сайлауға шақырды және «Nur Otan» партиясына дауыс беруге үгітті.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы Қармақшы аудандық Сайлау қорының қаражатынан төленді

АРДАГЕР ҰСТАЗДАР МҮШӘЙРАСЫ

Еліміздің ең ұлық мерекесі тәуелсіздік халқымыздың маңдайына біткен бақ. Оның қадірін түсініп, киесін ұғыну – әрбір азаматқа парыз.

Осы орайда қалалық білім бөлімі жанынан құрылған ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінде ардагер ұстаздар арасында «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің берік тұғыры» тақырыбында қала мектептеріндегі ардагер ұстаздар арасында жыр мүшәйрасы өтті.

Байқаудың басты талабы – тақырыпты тереңінен аша білу мен өлең көркемдігі, ұйқас тереңдігі ескерілді. Жарысқа халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі, Жарасқан Әбдірашов атындағы сыйлықтың лауреаты Толыбай Абылаев, «Сыр Медиа» серіктестігі жанынан құрылған ардагерлер ұйымының төрағасы, ақын Кенжалы Ерімбетов, «Асыл жандар» әжелер ансамблінің жетекшісі

Құрбанқұл Сүлейменова қазылық жасап, үздік ақындарды іріктелді.

Жыр аламаны ереже талабына сай екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде ардагер ақындар ел тәуелсіздігі туралы өз шығармаларын оқыса, «Кофе-тренд» бөлімінде қатысушылар еркін форматта ойларымен бөлісіп, пікір алмасты. Мүшәйраға ардагер ақын ұстаздардан бөлек ұрпақтар

«Nur Otan»: 5 мыңға жуық отбасын баспанамен қамтуға ықпал етеді

Қала тұрғындарының жайлы өмір сүруі үшін «Nur Otan» партиясы халықты сумен жабдықтау, жылумен қамтамасыз ету және көшелер мен аулаларды абаттандыру мәселелерін шешуге ниетті. Осы мақсатта Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жана аудандарда, Саяхат, Сәулет, Ресмаш, КБИ, Әл-Фараби, Сабаалақ аудандарында ұзындығы 213,2 км инженерлік және коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын салып, жылу-электр орталығын қайта жаңғыртпақ. Сондай-ақ 2025 жылға дейін Қызылорда қаласына қарасты барлық саяжайларға су құбырын жүргізіп, Махамбетов және Наурыз ауылында 110,4 шақырым газбен жабдықтау желілерін салатын болады. Жанадан 25 балалар ойын алаңының құрылысы және көпқабатты үйлер алаңындағы тозығы жеткен 100 балалар ойын алаңын жөндеу жұмыстарын жүргізу ықпал етпек.



Бұл туралы бүгін «Nur Otan» партиясы атынан облыстық мәслихат депутаттығына үміткерлер Мағжан Ералиев, Нұрболат Ибраев пен Ибрагим Басықараев теміржол бөлімшесінің ұжымымен кездесу барысында айтты.

Басқосуда үміткерлер еңбек ұжымының сала туралы салмақты сауалдарына жауап беріп, партияның сайлауалды бағдарламасын насихаттады. Ашық әңгіме алаңында жұмысшылардың басты

сауалы айлық жалақысын көтеру, тұрғын үймен қамтамасыз етуге байланысты болды.

Жалпы қала тұрғындары үшін тұрғын үй мәселесі әрдайым өзекті. Осы жайтты ескере отырып, партия 2025 жылға дейін 4140 пәтерлі 92 көпқабатты тұрғын үй, оның ішінде әлеуметтік-осал топтарға жас отбасыларға, бюджет саласының қызметкерлеріне арнап 1840 пәтердің құрылысын жүргізбек. Сонымен қатар

5870-тен аса жеке тұрғын үйлердің құрылысы мен 27 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізілетін болады. Мінекей, осы жүргізілген шаралар 5 мыңға жуық отбасын баспанамен қамтуға және 10 мыңнан аса отбасына өмір сүруге қолайлы жағдай жасайды. Ал әлеуметтік көмек, жұмысшылардың міндеттемелерін жеңілдету, медицинаға қолжетімділікті арттыру секілді мәселелерге байланысты алдағы уақытта ауқымды жұмыстар жасалады, – деді үміткер Нұрболат Ибраев.

Шара соңында сұрақтарына жауап алған теміржолшылар партияның халық игілігі жолындағы жұмыстарына сенім білдіріп, алдағы саяси жолда қолдайтындықтарын жеткізді. Үміткерлер, ел сенімін ақтайтындықтарын айтып, үгіт парактарын таратты.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді

ШАҒАР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ӨРКЕНДЕМЕК

Үгіт-насихат жұмыстары аясында қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер Нұрлан Тұрмағанбетов, Ибадулла Құттықожаев, Ердоқ Әбдісаттаров, Жорабек Нұрымбетов және Сәкен Алдашбаев су шаруашылығы қызметкерлерімен кездесіп, сала мамандарының ұсынысын тыңдады. Үміткерлер партияның сайлауалды бағдарламасын таныстырып, қатысушылармен пікір алмасты.

Кездесу барысында партия мүшелері қаладағы атқарылған ауқымды істерді айта келе, бағдарламада қамтылған алдағы жоспар-міндетті саралады.

– Қала тұрғындарының жайлы өмір сүруі үшін «Nur Otan» партиясының бағдарламасында халықты сумен жабдықтау, жылумен қамтамасыз ету және көшелер мен аулаларды абаттандыру мәселелері қамтылған. Мысалы, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жана аудандар мен Саяхат, Сәулет, Ресмаш, КБИ, әл-Фараби, Сабаалақ шағын аудандарында ұзындығы 213,2



шақырым инженерлік және коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын салуға, ЖЭО қайта жаңғыртуға жылу желілерін күрделі жөндеу және қайта жаңғыртудан өткізуге ықпал жасайды. Сондай-ақ Сырдария өзенінің сол жағалауында электр желілерінің құрылысын жүргізу және 2025 жылға дейін Қызылорда қаласына қарасты барлық саяжайларға су құбырын жүргізу жоспарланған. Тағы бір жаңалық, Махамбетов

ауылы мен Наурыз шағын ауданын газбен жабдықтау желілерін салу және 2025 жылға дейін Сабаалақ, Эдельвейс, Орбита саяжайларын газдандыру жүргізілмек, – деді үміткер Жорабек Нұрымбетов.

Шара соңында «Nur Otan» партиясының мүшелері қатысушылардың түрлі саладағы ұсыныс-пікірін тыңдап, алдағы сайлауда белсенді болуға шақырды.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

БАСТЫ МАҚСАТ – АУЫЛ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ

«Nur Otan» партиясының Қызылорда қаласындағы үгіт-насихат жұмысы жалғасуда. Кезекті кездесу Ақсуат ауылдық округінде өтіп, елді мекен тұрғындары партия өкілдеріне әлеуметтік-тұрмыстық мәселеге қатысты ұсыныс-пікірін білдірді. Басқосуда қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер Ибадулла Құттықожаев, Сымбат Әбдірахманова, Ердоқ Әбдісаттаров және облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Қанағат Сақтағанов қатысты.

Басқосуда үміткерлер «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын таныстырып, алдағы мақсат-міндеттермен бөлісті. Қатысушылар қала дамуына арналған басым бағыттар мен жана жобаларды саралап, атқарылған жұмыстарға бағасын берді.

Сонымен қатар ақсуат-тық тұрғындар ауылды газдандыру, кәсіпкерлікке қолдау білдіру, әлеуметтік көмек көрсету секілді мәселені

назарға салып, үміткерлермен пікір алды.

– Ауыл тұрмысын жақсарту – «Nur Otan» партиясының басты мақсатының бірі. Тіпті сайлауалды бағдарламадағы жоспардың басым дені ауыл-аймақ әлеуетін арттыруға арналған. Оның ішінде тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсарту, инфрақұрылым ахуалын оңалту, кәсіпкерлік көрсеткішін көтеру жобасы қамтылған. Білім беру, денсаулық сақтау



және әлеуметтік сала сапасын жақсарту да назардан тыс қалған емес. Сондықтан «Nur Otan» партиясы халықпен бірге өркендеген партия деп атауға толық негіз бар, – деді Ердоқ Әбдісаттаров.

Шара соңында тұрғындар үміткерлерге сауалдарын қойып, көңілге қонымды жауаптарын алды. Ауыл халқы партия үміткерлеріне сәттілік тілеп, алдағы сайлауда белсенділік танытатынын жеткізді.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

ЖАСТАРДЫҢ ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ

«Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалының мәжіліс залында қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер Ибадулла Құттықожаев, Жаннат Садүақасова, Жанлос Базартай, Абайбек Жүнісов, Бейбітқұл Каримова Қорықт ата атындағы Қызылорда университетінің қызметкерлері және студенттерімен «Zoom» платформасы арқылы онлайн кездесу өткізді.

Кездесуде үміткерлер партияның сайлауалды бағдарламасында көрсетілген 7 бағытты таныстырды. Жалпы бағдарлама негізінде халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, қала экономикасын арттыру, тұрғындар қауіпсіздігі, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау, рухани жаңғыру, білім, өнер, мәдениет сынды салаларға басымдық берген. Осы орайда қалалық мәслихат депутаттығына кандидаттар әр бағыт бойынша келер жылдан бастап жүзеге асатын жұмыстарды саралады. Жоспардың жүзеге асуы көшбасшы партияның тікелей қадағалауында болмақ.

Онлайн жүзесуде бұдан өзге жастар саясатын жүзеге асыру жайы да сөз болды. Қоғамның әр саласында еңбек ететін, кәсіпкер жастарды қолдау – партияның басты қағидасы. Сондай-ақ жергілікті органдардың халыққа



ашықтығын қамтамасыз ету, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру, олардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету, инклюзивті білім берулі дамыту арқылы тең құқықта білім алуына жағдай жасау партия тарапынан тыс қалмайды.

Қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлерге білім саласының қызметкерлері мен студенттер өз ұсыныс, пікірлерін білдірді. Көпшілік көрейту-қоғалдандыру, мемлекеттік қызмет, тарих, мәдениет саласы, дарынды жастарды қолдау, көпбалалы отбасыларға көмек көрсету секілді бірқатар жайтты қозғады.

Оның ішінде әсіресе, қоғалдандыру ісінде шет аймақтарда шетте қалдырмау, мемлекеттік қызметкердің мәртебесін арттыру, сурет галереясын ашу, патриоттық бағдарлама әзірлеу бағытында ұсынысы бар. Сонымен бірге бастаған істің нәтиже беруі үшін жүйелі жұмыс жасаудың механизмі қалыптасса деген тілек те айтылды.

Жалпы жетекші партия алдымен халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартуды көздейді. Бұл ретте жоғарыда айтылған мәселелер назардан тыс қалмақ емес. Бұл «Nur Otan» партиясы сайлауалды бағдарламасында негізге алған.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

саябақтастығын жалғастыру мақсатында орта буын өскелең ұрпақ өкілдері, №138 және №179 мектеп оқушылары Әлішер Дінислам, Әсел Дәулетбек, Данияр Ерболат қатысып, өлеңдерін оқыды.

«Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің орталық кеңесінің жауапты хатшысы Бейбіт Оспан, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубай Әбішев, облыстық

ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Күләй Ермағамбетова арнайы қатысып, жүрекжарды лебіздерін жеткізді.

Байқау қорытындысы бойынша I орынмен Әуезхан Рахманқұл, II орынмен Малика Мұратова, III орынмен Гүлдарига Ахметова мен Марал Оспанова марапатталды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар мен дипломдар табысталды.

– Байқауға қатысушы ақындарымыз өздерін барлық қырынан танытқан тұлғалар. Сондықтан олардың өмір жолдары жас буын өкілдеріне үлгі-өнеге. Тәуелсіздікті тереңінен тани алдыңыздар. Оны өлеңдеріңізден оқыдық, – деді қазылар алқасының төрағасы Толыбай Абылаев.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

Әлемді әбігерге салған пандемияның салдарынан оңай жыл болмағаны белгілі. Әйтсе де күнтізбе бойынша қиындығымен келген 2020 жыл аяқталып, сиыр жылы табалдырықтан аттағалы тұр. Жаңа жылдан жұрт жағымды, жақсы жаңалық күтетіні хақ. Соған орай біз де астролог мамандар әзірлеген жұлдыз-жорамалды аударғанды жөн көрдік.

2021 жыл – 12 жылдық цикл бойынша сиыр жылы. Ал оның негізі саналатын Қытай күнтізбесінде бұқа жылы болып есептеледі. Бұл жыл кез келген қиындыққа төтеп беретін мықты жыл деседі мамандар. Астрологтар 2021-дің жақсы жыл болатынына сенімді. Адамдардың өмірінде бірталай жаңа өзгеріс орын алып, көптеген жетістікке қол жеткізеді дейді. Сондай-ақ қандай да бір істің шешімін таба алмай жүрген жандар үшін бұл жыл берекелі болмақ. Сонымен бұл қай жұлдыз белгісінің иелері?

СИЫР ЖЫЛЫ КІМГЕ ЖАЙЛЫ БОЛМАҚ?

ТОҚТЫЛАР ТОҚ ЖҮРЕДІ

Қаңтар және ақпан айларында өзіңізді дамыту бағытында жұмыс істеу керек. Өйткені мұның барлығы алдағы уақытта бәсекеге қабілетті екеніңізді байқатады. Көктем мезгілінде қаржылық жағы жайлы болады. Тіпті толайым табысқа қол жеткізуге мүмкіндік бар. Бойыңыздағы қабілет пен артықшылықтың арқасында бірнеше ұсынысқа ие болып, соның арасынан өзіңізге жақын деген біреуін таңдауыңыз мүмкін.

Жаздың бастапқы айлары да сіз үшін қолайлы кез. Бұл сәтте де жұлдыздардың қолдауы байқалып, жағымды өзгерістер орын алады. Егер осы сәтте өміріңізге өзгеріс енгізгіңіз келсе, таптырмайтын уақыт. Ал күз мезгілі жақындаған сайын жағдайыңыз күрделене бастауы ықтимал. Дәлірек айтқанда тамыз айында уайымға салынып, бойыңызды үрей билеуі мүмкін. Өйткенмен аса қорықпаған жөн. Сіз мұны да еңсересіз.

Көптеген тоқты белгісіндегілер кәсіби тұрғысында өсіп, алға қадам басады. Ал жыл соңына таяу оңсызда білек сыбана еңбек етуге мәжбүр боласыз. Жалпы жемісті жыл күтіп тұр.

ТОРПАҚТАР ТАРЫҚПАЙДЫ

Жылдың басында ойыңызға келген идеяларға аса мән берген жөн. Бұл идеялар тым батыл болса да орындалуы мүмкін емесей көрінуі ықтимал. Дегенмен бұл – сіздің жөй ғана қорқынышыңыз. Сондықтан ешбір идеядан қорықпаған абзал.

2021 жылдың алғашқы айларында алдыңызға жаңа мақсаттар қоясыз. Соның арқасында көктемде ойға алған мақсаттарыңызды жүзеге асыра бастайсыз. Алайда сәттілікке жету аса жеңіл емес. Біраз еңбектенесіз деген сөз. Маусым айынан бастап өзгерістер белен ала бастайды. Мәселен, көптеген торпақ белгісіндегілерге жаңа мүмкіндіктерге есік ашады. Шілде мен қыркүйек айларында да іскерлік және жеке өміріңізде де жағымды оқиғалар орын алады. Сіздердің жыл соңына дейін атқару керек деген шаруаларыңыз шаш етекпен болады.

Күз мезгілі аса жемісті болғалы тұр. Бұл уақытта еңбектің арқасында біраз жетістікке жетесіз. Дегенмен де серіктестіктер мен достарды дұрыс таңдауға кеңес береміз. Асығыс жасалатын әрекетке ешқашан жол бермеңіз. Ішкі даусыңызды тыңдай білсеңіз, келесі жылды жақсы ортада керемет көңіл-күймен қарсы аласыз дейді жұлдыздар.

ЕГІЗДЕР, ЕСКЕРІНІЗДЕР...

Сіздер үшін жылдың басы жеңіл әрі қызықты басталғалы тұр. Көптеген егіздер өз өміріне өзгеріс енгізудің мүмкіндіктері барын байқап, мүлдем жаңа бағытта әрекет етеді. Алайда бәріне дайын болған жөн. Себебі соны сіз күткендей болмауы да мүмкін. Тек ескеретін жайт, жоспарыңыз неғұрлым анық болса, соғұрлым сәттілікке жете аласыз.

Көктем айларында айналаңызбен ортақ тіл табысу аса оңай болмайды. Жеке және іскерлік өміріңізде бір өзгерістер кездесуі ықтимал. Бірақ бұл үшін аса қамықпаңыз. Өйткені сіз өз мәселеніздің шешімін тез табасыз. Ол өзгеріске де сіз үйреніп кетесіз. Әрі сізге қолайлы болмақ.

Жадың басы мен күздің орта тұсындағы кезеңде егіздер үшін жайлы болады. Бұл уақытта жұмыста да, оқуда да, шығармашылықта да үлкен жетістікке жетуге ыңғайлы. Ең қызығы, осы тұста сіз аса күш сала қоймайсыз. Көп нәрсе сіз ойлағаннан да жеңіл орындалады. Жылдың соңына қарай жеткен жетістіктер келер жылға нық сеніммен аяқ басуға мүмкіндік береді.

ШАЯНДАР ШАРШАМАЙДЫ

Жылдың басы көптеген оқиғаларға, кездесулерге толы болады.

Бұл кезде жаңа дүниелерді қолға алсаңыз өкінебізсіз. Тіпті ауқымды жобаларға кірісуге жол ашылады. Тек ескеретін жайт, өзгелердің қолдауына қаншалықты аз үміт артсаңыз, соншалықты олардың қолдауына ие бола аласыз. Яғни өзгелерден жиі қолдау көрсетуін сұрамаған абзал. Себебі қолдау білдіретіндер өздері-ақ табылады.

Көктемде сізді қызықты танысулар күтіп тұр. Басы бос шаян белгісіндегілер үшін махаббатқа толы кез деп айтуға болады. Алайда кей шаруаларда шешілмей тұрған мәселелер байқалады. Бірақ одан шығудың жолын тез табасыз. Көптеген адамдар көктемде шабыттанып, байқалмаған қабілеті ашылып, сәттілік серігі болады. Мамыр айының ортасын жарқын, қызықты да көңілді кезеңнен бастау алады. Бұл жұмысқа, білім алуға және кішігірім саяхаттауға қолайлы.

Күзде де біраз оқиғалар орын алады. Осы уақытта көптің назарында болып, көпшілікпен жұмыс істейсіз. Ерекше ұсыныстарға да ие боласыз. Жылдың соңы жақындаған сәтте кәсіби өміріңізде жаңа кезең басталады. Келер жылдың басы да сіздер үшін жайлы басталмақ.

АРЫСТАННЫҢ АЛАР АСУЫ АЛДА

Сіз үшін қаңтар мен ақпан айлары өзгерістердің уақыты болмақ. Бұл кезде айналаңыздағылармен қарым-қатынас онша болмауы мүмкін. Сол себептен арыстан белгісіндегілердің өмірінде жаңадан орта пайда болуы да ықтимал. Көптеген адамдар сіздің тәжірибенізбен бөліседі. Ондай жағдайда өзгелердің кеңесінен, көмегінен бас тартпаған жөн.

Көктемнің басы жаңа жоспарды жүзеге асыруға қолайлы кез. Мамыр айы көптеген жақсылық пен қызықты оқиғаларды уәде етеді. Осы кезде кішігірім сапарға шығуға болады. Тіпті ұзақ көріспеген адамдарыңызды да көруге мүмкіндік туады. Ал маусым айы жайбаракат өтеді. Тамыз айынан басталған жағымды кезең жылдың соңына дейін жалғаспақ. Арасында азғантай қиындықтар орын алғанымен сіз оны да еңсересіз.

Көптеген арыстан белгісіндегілерге шаруаларды жүйелі реттеп атқара білу қабілеті көп көмегін тигізеді. Осының нәтижесінде жылдың соңында жететін жетістіктеріңіз көбіге түспек.

БИКЕШТЕР, БАЙҚАҢЫЗДАР!

Бұл жұлдыз белгісіндегілерге алдарына айқын мақсат қоя білуі керек. Қарсыларыңыз өздері-ақ беріліп, әлсіздіктерін танытып қояды деп ойласаңыз, қатты қателесесіз. Егер жылдың басында жұмысқа барыңыз зейін қойсаңыз, көптеген оң нәтижеге қол жеткізесіз. Сондай-ақ жылдың алғашқы айларын ұзақ мерзімді жоспарларға жұмсаған жөн. Сонымен қатар мақсаттарға жетудің дайындығына кірісуге уақыт келді. Өйткені бұл уақытта сізді күтпеген оқиғалар күтуде. Егер кей кезде жолыңыз болмаса қосымша басқа нұсқасын қарастыраған абзал.

Жаз мезілінен бастап жағымды өзгерістер күші ұлғаа түседі. Мол тәжірибе жинақтай аласыз. Оған қоса неке кино, отбасылық жағдайларға байланысты маңызды шешімдерді жылдың екінші жартысына қалдырғаныңыз дұрыс. Себебі осы кезең өте жайлы дейді жұлдыздар. Күз маусымынан бастап сіздің көңіл-күйіңіз позитивті әрі тыныш болады. Қолға алған шаруаларыңыз үмітіңізді ақтайды.

ТАРАЗЫЛАР ТАРАЗЫЛАЙТЫН ТҮС

Мерекелерді көп тойлаймын деп ұзақ демалмаңыз. Мүмкіндігінше жұмыс істегеніңіз дұрыс. Қаңтар мен ақпан айлары алға қойған мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Көктемде күтпеген оқиғалар орын алуы мүмкін. Жоспарларыңыз да өзгереді. Кейбіріне түзетулер енгізесіз. Сәуір мен мамырда көп нәрсе жайлы ойлап, бас қатыруға тура келмек. Осы кезеңде таразы белгісіндегілер өмірінде орын алатын үлкен өзгерістерге шешім қабылдайды.

Ал жаз мезгілінде өз-өзіңізге демалыс сыйлауға қолайлы уақыт. Сонымен қатар жаздағы жұмыс жеңіл болмақ. Бойдақ таразылар үшін қызықты әрі ерекше танысулар орын алуы мүмкін. Күз мезгілінде іскерлік белсенділігіңіз артады. Яғни жылдың соңына дейін белсенді түрде жұмыс істейсіз. Біраз шаруаны бітіресіз. Жалпы сиыр жылын бұрыннан мазалап келе жатқан мәселесін шешіп аяқтайды.

САРЫШАЯНҒА СӘТТІ ЖЫЛ МА?

Қаңтар, ақпан айларында сіз біліміңіз бен тәжірибеніңізді толықтырып, жаңалықтарды игеруге қолайлы уақыт. Ішкі даусыңыздың көмегінің арқасында қай жерде қандай дүниелерді меңгеру керектігін білесіз. Әсіресе бұрындары сізді жалықтырған немесе үйренуге мүмкін емес деген нәрсеге мән беріп көріңіз. Себебі соны сәтті болмақ.

Көктем айларынан бастап қызуқанды еңбектену кезеңі басталады. Міне, осы тұста жылдың басында үйренген жаңа дүниелерді еркін пайдалана аласыз. Ал ешнәрсені қолға алмаған сарышаян белгісіндегілер үшін барлық шаруа қиындықпен шешілуі мүмкін. Сондықтан үйренуден, білім алудан қашпаңыз. Бұл – жұлдыздардың кеңесі.

Жаз мезгілінде біраз тер төгуге тура келеді. Есесіне сізге мотивация беретін пайдалы дүниелер көп болмақ. Сол сәтте сіздің бойыңыздағы энергияға қызғана қарамайтын жан болмайды. Себебі сіз сәттілікке жетелейтін жолды көрсеніз, демалысты ұмытасыз. Соның арқасында жақсы нәтижеге қол жеткізесіз. Соңғы үш ай сіз үшін жайлы болмақ. Тек жақсы нәрсе ойлай аласыз. Әрі ол орындалуы да мүмкін. Болашаққа позитивті қарайтын жұлдыз белгісіндегілер бұл жылды сәтті аяқтайды.

МЕРГЕНГЕ МҮМКІНДІК МОЛ

Сізге қашанда қорытынды жасап соңғы шешімді қабылдауда асықпаған жөн. Жылдың басында барлық нәрсеге шынайы қарау қажет. Көктемге дейін өзіңізді шыңдау керек дейді жұлдыздар. Өйткені көктемнен бастап өміріңіз мүлдем басқа арнаға бұрылады. Бойдақ жандар үшін күтпеген танысулар болуы мүмкін. Ал жұмысбастылар үшін жаңа жобаларға жол ашылмақ. Көпшіліктің сұранысына ие болатындай дәрежеге жетуге мүмкіндік мол.

Жаздың басында шаруаларыңыз көбірек болады. Өзгелердің де мәселесін шешуге тура келмек. Шілденің екінші жартысынан бастап жемісті әрі сәтті кезең басталғалы тұр. Бұл жылдың соңына дейін жалғасады. Жаңа тап-сырмалар пайда болғанымен барлығын мінсіз атқаруға сізге уақыт жеткілікті. Жылдың соңына қарай жеке өміріңізге өзгеріс енгізіңіз. Өзгерістен қорықпау қажет. Саяхаттауға болады. Себебі соны жағымды тосын сыйлармен аяқталмақ.

ТАУЕШКІЛЕР ТӨЗІМДІЛІК ТАНЫТСА...

Сіз үшін жылдың алғашқы үш айы аса жемісті деп айтуға болмайды. Себебі ойға алған ісіңіз уақытылы шешіле бермеуі мүмкін. Бірақ бұған қарамастан көңіл-күйіңіз жоғары болады. Өйткені жағдайыңыз жақсы, айналаңыздағы ортамен қарым-қатынасыңыз үйлесімді. Жалпы сізге шағымдануға себеп жоқ.

Сәуір-қыркүйек айларындағы уақыт сіз үшін тағы да жеңіл болмауы мүмкін. Өйткенмен жұмыс барысында сәтті, жемісті жайт-тар көбірек орын алады. Алайда өзіңіз атқарған жұмысқа көңіліңіз тола бермейді. Сол себептен сәттіліктің бірден байқалмайтынын естен шығармаған жөн. Сонымен қатар әрдайым төзімділік танытсаңыз, үлкен нәтижеге қол жеткізесіз.

Ал күз мезгілі өміріңіздің барлық саласында да жақсы өзгерістерді уәде етеді. Сіз жұмысқа қатысты ұсынысқа ие болуыңыз да мүмкін немесе болашағы зор жобаға қатысуыңыз ықтимал. Соны жоғары нәтижеге қол жеткізеді. Шаруаңыз қанша көп болса да отбасыңызға көңіл бөлуге уақыт табасыз.

СУҚҰЙҒЫШТАРҒА СЕРПІЛІС ЖЫЛЫ

Бұл жыл сіздер үшін қызықты оқиғалар жылы болмақ. Ұзақ мерзімге арналған нақты жоспар құруыңыз қажет. Сондай-ақ күтпеген жағдайға дайын болып, кез келген өзгеріске сақайдай-сай болу аса маңызды екенін ұмытпаңыз. Сонымен қатар көп уақыттан бері араласпай кеткен адамдар болса, олармен жүзделіп, арадағы ренішті жоюға мүмкіндік бар.

Кейбір суқұйғыш белгісіндегілер жұмыс ауыстырса, кейбірінің отбасында үлкен өзгеріс болуы да мүмкін. Сиыр жылы сіз үшін біркелкі, қарапайым болмайды. Себебі сізді жаңа мүмкіндіктер күтеді. Тіпті сіз оны армандамасаңыз да орындалады. Бұл жыл сізге ерекше жол ашқалы тұр. Сондықтан мүмкіндікті жіберменіз.

БАЛЫҚТАР БАҒАЛАНАДЫ

Жаңа жылды көңілді бастайсыз. Өйткені сізді қызықты оқиғалармен қуантақ. Жаңа танысулар да болуы мүмкін. Ақпан айынан бастап байсалды ойландатын жағдайлар орын алады. Бұл жеке өмірге немесе жұмысқа қатысты болуы ықтимал. Қандай жағдай болса да маңызды болмақ. Өмірден өз орныңызды іздеумен әлек боласыз.

Көктем маусымы кәсіби салаңызға қолайлы уақыт. Жаңа тапсырмалар пайда болады. Оған қызушылығыңыз арта түседі. Басшылық тарапы жағынан сізді жоғары бағалауы мүмкін. Жазда шаруадан сәл алшақтай түсіп, кішігірім үзіліс жасай аласыз. Күз мезгілі де іскерлік өміріңіз үшін ойдағыдай болмақ. Жеке өмірде де алаңдайтын жайттар туындамайды. Бастысы, өзіңізге көңіл бөліңіз. Бұл жылғы сәттіліктің басым бөлігі сіздің денсаулығыңыз бен көңіл-күйге байланысты.

P.S. Жұлдыз-жорамалға сену-сенбеу өз еркіңіз. Бірақ өз жұлдызыңыз не дейді екен деген оймен мән беруіңізге болады. Жалпы әр жұлдыз белгісіндегі жандар үшін 2021 жыл тек амандық, жақсылық, сәттілік әкелсін демекпіз.

Дайындаған Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Ақ пілек

Жаңа жыл баршамызға ұнайды анық,
Сағындырып келіп тұр жыл айналып.
Ақтарылып тілектер жүректерден,
Жүздер бал-бұл жанады шырайланып.

Бөленгендей көңілім көріктемнің,
Босаадан бақыт боп еніп келіп.
Сыйыңды арттыра бер Сиыр жылы,
Елімнің керегесі кеңіп толып.

Жырымның сөлін сығып берем дәззат,
Көңілді тербетеді өлең ажап.
Тышқан жылын өткердік тышқанышылап,
«Өткен жылға өкпе жоқ» деген қазақ.

Болашақ болсын енді тартымдырақ,
Қазағым тойда өткізіп әр күнді шат.
Келешекке көз қадап көкжиектен,
Өткенге есеп берем қортындылап.

Әр адамға тілеймін қайраттылық,
Толқыған әр көңілді жайнатты үміт.
Қардай аппақ көңілдер кірлемесін,
Қуанышта болайық ойнап, күліп.

Мына гасыр той болып мәрт Алашым,
Ынтымақ, береке еңсін ортаңа шын.
Ұлы дала елінің ұландары,
Ұланасыр тойларың тарқамасын.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ШЫРША АЙНАЛУ ДӘСТҮРІ ҚАЙДАН КЕЛГЕН?

Жаңа жылдың сәнін кіргізіп, әрін әспеттейтін жасыл шырша екені әмбеге аян. Шырша көне замандарда өмір сүрген халықтарда қасиетті ағаш саналған. Ал кейбір елдерде шыршаға арнап құрбандық шалатын болған. Ал тағы бір елдерде шыршаға мініжат етіп, оған балауыз шам жағатын болған. Шырша – қарағай тұқымдасына жататын қылқан жапырақты ағаш. Табиғат жаратылысының ерекше қасиетіне малынған өсімдік 6-12 жыл аралығында өздігінен жанырып отыратын көрінеді. Еліміз бойынша жасыл түсті шыршалар Алатау баурайында өсіп тұр. Олар қала көркін келтіріп, көрген жанның көз қуанышын еселеп тұрады. Шыршаның шығу тарихы туралы түрлі аңыз-әңгімелер бар. Сонау ескі дәуірлерде адамдар ағашқа табынып, оларға әртүрлі дүниелер іліп құрмет көрсеткен. Одан соң орманға барып мәңгі жасыл болып тұратын шыршаға табынатын болған. Кейін келе шыршаны отбасыларына әкеліп, оған төрден орын берген. Содан бері күні бүгінге дейін шыршаны айнала ән айтып жаңа жылды күтіп алу адамзат баласының өмір тіршілігінде ажырамас бір бөлігіне айналып отыр. Көрші Ресей мемлекетінде бұл үрдіс сонау І Петр заманынан жалғасып келеді.

Жазушы Мұрат Әжі «Қыпшақтар» атты еңбегінде шыршаны айнала ән салу көшпенділер дәуірінен келе жатқаны жайлы жазады. Шығармада бұл мереке жер шарының тура кіндігінде тіршілік ететін жер-судың құрметіне арналған. Ежелгі алтайлықтар шырша мерекесін желтоқсан айының аяғында күннің ұзарғанын тойлап атап өтетін болған. Содан тілеген тілектер қабыл боларына сенім білдіріп, оған түрлі-түсті шүберектер байлап айнала би билеген. Ендеше, шырша айнала мерекесін тұңғыш түркілер тойлаған болса Еуропа еліне бұл кейіннен келген болып отырғаны хақ. Бір анығы, жасыл шыршаның қалыптасу тарихы қай ғасырда пайда болса да күні бүгінге дейін ұрпақ санасында жаңғырып келе жатыр. Бұл қазақы салт санамызға да сіңісіп келеді. Дегенмен алаш баласының айрықша атап өтетін Наурыз мерекесінің орны біз үшін бағалы да басым бола бермек.

Тұрар ШАЙДУЛЛА

Газеттің келесі саны 5 қаңтар, сейсенбі күні шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу күзгілі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аппасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4422 Тапсырыс №776

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ